

Психикалық дамуы тежелген оқушыларды дамыту ерекшеліктері, олардың мектептік оқуға дайындығының төмендігі оқу жоспарларын, бағдарламаларды түрлендіруді, оқу материалын қайта бөлуді және оны өту қарқынын өзгертуді қажет етеді. Психикалық дамуы тежелген оқушыларды оқыту арнайы Үлгілік оқу жоспарларына, бастауыш білім беру деңгейіне арналған арнайы бағдарламаларға, түзету пәндері бағдарламаларына сәйкес, арнайы сынып жағдайында іске асады. Негізгі мектепте оқыту мерзімінің 1 жылға артуына байланысты жалпы білім беретін бағдарламалар мазмұны оқушылардың ерекшелігі ескеріле отырып, қайта бөлінеді және бейімделеді. Оқу процесінде жалпы білім беру оқулықтары, сонымен қатар, арнайы әзірленген дидактикалық материалдар (жұмыс дәптерлері), АКТ және оқушылардың танымдық мүмкіндігі ескерілген т.б. материалдар қолданылады.

Қорытындылай келе, психикалық дамуы тежелген балаларды оқыту әр баланың жеке қасиеттеріне, атап айтқанда физиологиялық, психологиялық, мінез-құлық ерекшелігіне, қабілетіне қарай жеке тұлғаны дамыту бойынша жұмысты дұрыс және тиімді ұйымдастыру қажет. Оқу материалдарын әр балаға сай етіп құрастыру, түрлендіру мамандардың ізденісіне тікелей байланысты. Оқу мотивациясының ең тиімді қалыптасуы психикалық дамуы тежелген балалардың танымдық процестері мен шығармашылық белсенділігін дамытуға бағытталған оқыту құрылымының әр түрлілігімен, қарапайым және қол жетімділігімен қамтамасыз етіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы №223 «Психикалық-педагогикалық қолдау саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібін бекіту тәртібін бекіту туралы» бұйрығы

2. Дубовицкая Т.Д. К проблеме диагностики учебной мотивации // Вопросы психологии. – № 1. – 2005. – С. 73.

3. Макеева Е.А. Особенности мотивации учения младших школьников с задержкой психического развития: автореф. дисс. ... канд. психол. наук: 19.00.10. Нижний Новгород, 2004. 26с.

4. Капитанец Е.Г. Психологические детерминанты готовности ребенка к школе // Инновационное развитие современной науки: сборник статей Международной научно-практической конференции. 2015. С. 204–208.

5. Буторин Г.Г., Долгова В.И. Психопатологические признаки общеневротических психических расстройств в детском возрасте // Общество: социология, психология, педагогика. 2016. № 4. С. 43.

МРНТИ 14.29.27

УДК 376.37

А.М. Мұратбекова¹, Т.Ж. Байдильдинов²

¹7M01902 – Логопедия мамандығының 2 курс магистранты

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, *miratbekovaarailym@mail.ru* Алматы қаласы, Қазақстан

²Ғылыми жетекшісі п.ғ.к., аға оқытушы

²Абай атындағы ҚазҰПУ, *t_baidildinov2020@mail.ru* Алматы қаласы, Қазақстан

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ ТІЛІ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРҒА КӨМЕК КӨРСЕТУ

Аңдатпа

Бұл мақалада мектепке дейінгі мүмкіндігі шектеулі балаларға көмек көрсетудің ұйымдастырушылық негіздері қарастырылды. Мектепке дейінгі жастағы мүмкіндігі шектеулі балаларға көмек көрсету жүйесі мемлекетімізде қалыптасқанымен, ол әлі де болсын қиындықтармен жүзеге асырылуына байланысты оларды зерттеу және дамыту бойынша әдістемелік кешен әзірлеу өзекті тақырып болып табылады.

Зерттеу жұмысының аясында педагогикалық, психологиялық және әдістемелік әдебиеттерді зерттеу арқылы мектепке дейінгі мүмкіндігі шектеулі балаларға көмек көрсетудің ұйымдастырушылық негіздерінің қазіргі деңгейі анықталды. Қазіргі таңда барлық әлемде жеке

кажеттілікті түзету – педагогикалық қолдау мен бейімдеу баланы емес, балалардың білімдік сұраныстары мен жеке ерекшеліктеріне ортаның, отбасының белсенді қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын «барлығы үшін бір мектеп» немесе инклюзивті білім беру туралы айтылуда. Қазіргі уақытта әлемдік қауымдастықта білім беру саясатындағы басымдылық дәл осы инклюзивті білім беру принциптеріне негізделеді.

Түйінді сөздер: мектепке дейінгі мүмкіндігі шектеулі балалар, сөйлеу тілі бұзылысы, Глен Доман карточкалары, әлеуметтену.

Мұратбекова А.М.¹, Байдильдинов Т.Ж.²

¹магистрант 2 курса по специальности 7М01902 – Логопедия, КазНПУ им. Абая, muratbekovaarailym@mail.ru г. Алматы, Казахстан

²научный руководитель, к.н.п., ст.преподаватель КазНПУ им. Абая, t_baidildinov2020@mail.ru г. Алматы, Казахстан

ОКАЗАНИЕ ПОМОЩИ ДЕТЯМ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ И НАРУШЕНИЯМИ РЕЧИ

Аннотация

В данной статье рассмотрены организационные основы оказания помощи детям с ограниченными возможностями здоровья дошкольного возраста. В связи с тем, что система помощи детям с ограниченными возможностями дошкольного возраста сформирована в нашем государстве, но она все же реализуется с трудностями, разработка методического комплекса по их изучению и развитию является актуальной темой.

В рамках исследовательской работы выявлен современный уровень организационных основ оказания помощи детям с ограниченными возможностями здоровья в дошкольном учреждении посредством изучения педагогической, психологической и методической литературы. В настоящее время во всем мире идет речь о «одной школе для всех» или инклюзивном образовании, предусматривающем не коррекционно – педагогическую поддержку и адаптацию индивидуальных потребностей ребенка, а полное включение в образовательный процесс с активным участием среды, семьи в образовательных запросах и индивидуальных особенностях детей. В настоящее время в мировом сообществе приоритет в образовательной политике основывается именно на принципах инклюзивного образования

Ключевые слова: дети с ограниченными возможностями, нарушения речи, карточки Глена Домана, социализация.

Muratbekova A.M.¹, Baidildinov T.Zh.²

2nd year master s student of speciality 7M01902 – Logopedia

*¹Kazakh National Pedagogical University named after Abai, muratbekovaarailym@mail.ru
Almaty, Kazakhstan*

*²candidate of pedagogic science and senior lecturer, Kazakh National Pedagogical University
named after Abai, t_baidildinov2020@mail.ru,
Almaty, Kazakhstan*

ASSISTANCE TO CHILDREN WITH DISABILITIES AND SPEECH DISORDERS

Annotation

This article discusses the organizational basis for providing assistance to children with disabilities of preschool age. Due to the fact that the system of assistance to children with disabilities of preschool age has been formed in our state, but it is still being implemented with difficulties, the development of a methodological complex for their study and development is an urgent topic.

As part of the research work, the modern level of organizational foundations for providing assistance to children with disabilities in preschool through the study of pedagogical, psychological and methodological literature has been identified. Currently, all over the world we are talking about "one school for all" or inclusive education, which provides not correctional and pedagogical support and adaptation of the

individual needs of the child, but full inclusion in the educational process with the active participation of the environment, the family in the educational needs and individual characteristics of children. Currently, in the world community, the priority in educational policy is based precisely on the principles of inclusive education

Keywords: children with disabilities, speech disorders, Glen Doman cards, socialization.

Кіріспе. Мүмкіндігі шектеулі балалар – бұл белгілі тәртіпте бекітілген, туа біткен, тұқым қуалаушы аурулармен немесе жарақаттың салдарымен негізделген, өмір сүру әрекетінде шектеулері бар, дене және психикалық бұзылыстары бар он сегіз жасқа дейінгі балалар.

Мүмкіндігі шектеулі балалар категориясына жататындар:

1. Есту қабілетінде бұзылушылықтары бар балалар;
2. Көру қабілетінде бұзылушылықтары бар балалар;
3. Тірек-қозғалыс аппаратының функциясында бұзылушылықтары бар балалар;
4. Сөйлеуі тілінде бұзылушылықтары бар балалар;
5. Ақыл-ойында бұзылушылықтары бар балалар;
6. Психикалық дамуында тежелуі бар балалар;
7. Эмоционалды ерік-жігер сферасы мен мінез-құлқында бұзылушылықтары бар балалар;
8. Күрделі бұзылушылықтары бар, оның ішінде мүлдем көрмейтін және мүлдем естімейтін балалар.

Мүмкіндігі шектеулі адамдарға деген қоғамның қатынасы, олардың ерекше мұқтаждықтарына сыртқы ортаның бейімделмеуі салдарынан, денсаулық күйі, сырт бейнесі, дамуындағы бұзылыстары, аурудың нәтижесіндегі функционалды қиындықтары болады.

Қазіргі таңда барлық әлемде жеке қажеттілікті түзету – педагогикалық қолдау мен бейімдеу баланы емес, балалардың білімдік сұраныстары мен жеке ерекшеліктеріне ортаның, отбасының белсенді қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын «барлығы үшін бір мектеп» немесе инклюзивті білім беру туралы айтылуда. Қазіргі уақытта әлемдік қауымдастықта білім беру саясатындағы басымдылық дәл осы инклюзивті білім беру принциптеріне негізделеді. Дегенмен инклюзивті білім беруді енгізу бойынша әр елдің қайталанбас ерекшеліктеріне байланысты барлық мемлекет үшін қолданылатын нақты әдістемелер мен нұсқаулықтар жоқ, инклюзивті үрдістерді дамыту тәжірибесі оның дұрыс бейімделу барысында оларды пайдалану үшін маңызды болып табылады. Тәжірибені біздің елімізде оқыту 2000 жылы «Мүмкіндігі шектеулі балаларға базалық білім беруге көмек» Қазақстан Республкасының Үкіметі және ЮНЕСКО-мен бірігіп САТР Орталығымен пилотты жобаны жүзеге асыру барысында басталды. Осы жобаның арқасында «инклюзивті білім беру» түсінігі орныққан еді. Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси құрылымының өзгеруі, БҰҰ дүниежүзілік құқықтық құжаттарымен сәйкес қоғамды демократияландыруға бағытталған іс-шаралар өткізу мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға, соның ішінде балаларға білім беруіне мемлекет пен қоғамның қатынасы жаңа ұстанымның қалыптасуына ықпал етті[1].

Негізгі бөлім. Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Балалардың мектепке дейінгі сапалы тәрбие және оқыту мен толық қамтылуын, олардың мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бағдарламаларына теңдей қол жеткізуін және «инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіруін» қамтамасыз ету көзделген. Қазіргі уақытта дамуында бұзылыстары бар балалар саны артып отыр. Оларды оқыту кеңейіп, түзетіп қолдау технологиялары жетілдірілуде. Білім беру жүйесінде мүмкіндігі шектеулі балаларға айырықша орын бөлінген. Бұл балаларға қатысты біздің алдымызда тұрған негізгі міндет-олардың әлеуметтік ақталуы мен бейімделуіне, қоғамдағы толыққанды өмірге дайындалуына жағдай жасау және көмек көрсету. Қазақстан Республикасы Президентінің 07.12.2010 жылғы №1118 Жарлығымен бекітілген білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіруді қарастырады. Мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпыға білім беру ортасына қарай бейімдеу 2002 жылдан басталды. Сол жылы Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғаш рет «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медицина-педагогикалық тұрғыдан қолдау» туралы заңы қабылдады. Осы заң аясында ерекше балаларға ерте бастан білім беру мәселесіне мән берілген. Оларды білім беру, әлеуметтік, медициналық тұрғыда қамтамасыз ету қарастырылған.

Инклюзивті білім беру – мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы білім беретін мектептерде тең жағдайда бірдей білім алуына қолжетімділігін ұйымдастыру. Мәселен арбамен қозғалатын балалар

үшін мектептерде арнайы панустар өзге де мүмкіндіктер қарастырылуы керек. Бұл индикаторлар 2011-2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарда да талап етілген. Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру. Тәжірибе көрсеткеніндей қатаң білім беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалады, өйткені қалыптасқан жүйе мұндай балалардың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру үшін қандай арнайы жағдайлар қажет? Ең алдымен, даму мүмкіндігі шектелген балалармен жұмыс жасай алатын мамандар даярлау. Екіншіден архитектуралық кедергілерді жою. Білім мекемелерін арнайы тұтқалармен, парталармен, үстелдермен және басқа да компенсаторлық құралдармен жабдықтауды, көтергіш қондырғылар, пандустар, санитарлық бөлмелердің арнайы қондырғыларын орнататын іс-шаралар кешенін бастау қажет [2].

2015 жылға дейінгі инклюзивтік білім берумен мүмкіндігі шектеулі балалардың 25 пайызын қамту көзделсе, инклюзивтік білім беруге жағдай жасаған мектеп үлесі 30%-ға жету керек. Бұл мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы білім беретін мектепке дені сау балалармен қатар білім алуына жағдай жасайды. Білім берудің бұл түрінде мүмкіндігі шектеулі баланың өз-өзіне сенімі артады, ол маңайындағылардың тарапынан өзіне қолдау бар екенін сезінеді, бұл баланың өзін-өзіне бағалай білуіне, қоршаған ортасына сүйіспеншілікпен қарауына, өзін қоғамның толыққанды мүшесі сезінуіне жол ашады. Оқытудың бұл түрі арқылы мүмкіндігі шектеулі бала өз қабілетіне сай ата-анасынан алшақтамай, яғни арнайы мектеп-интернаттарда тұрып оқуға мәжбүр болмай, тұрғылықты жерде білім алады. Қоғаммен біте қайнасып, әлеуметтік жағынан бейімделеді. Ата-анасы да баласының дамуы мен тәрбиесіне белсене қатысып, жеткіншек алдында жауакершіліктері артады.

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілетілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір-біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету-өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.
8. Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясында кеңейтеді.

Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, таным-білуге, қабылдауға үйренеді. XX ғасырдың басында неміс педагог-дефектологы П.Шуманның «Бала кемістігінің даму деңгейі неғұрлым төмен болса, соғұрлым мұғалімнің білім деңгейі жоғары болу керек» деген асыл сөзінен даму екенін ұғынамыз. Дамуында әр түрлі кемшіліктері бар балаларды арнайы оқытуға деген сұраныс, әсіресе олардың танымдық процестерін психологиялық жағынан зерттеу қазіргі таңда өзекті мәселе болып отыр [3].

Қазақстан мен ТМД елдерінде әлеуметтік – экономикалық дағдарыс кезеңінен бастап ерекше демографиялық жағдай туындап дүниеге сәбилердің келу көрсеткіштерінің аса төмендеуі, халық арасындағы өлім-жетімнің көбеюі және халықтың табиғи өсу төмендеуінен байқалды. Бұл жерде аналар денсаулығының нашарлауы, жүктілік және босану кезіндегі асқынулар да айқын әлеуметтік-экономикалық сипат алды. Осы жағдайларға байланысты соңғы жылдары елімізде мүгедек балалардың саны өсіп, мамандардың назарына түсті. (Сүлейменова Р.А., Хақимжанова Г.Д.)

Барлық экономикалық қиыншылықтарды ескере отырып, балалардың дамуындағы кемістіктерді түзетудің ең нәтижелі жолы ерте коррекциялық көмек көрсету жүйесін ұйымдастыру. Бірқатар шет елдегі және отандық зерттеулер көрсеткендей түзетушілік әсер етуді неғұрлым ерте бастаса, соғұрлым нәтижелі болады. (Ерсарина А.К., Стребелева Е.А., Сүлейменова Р.А., Разенкова Ю.А. т.б.)

Қолайлы ерте көмек көрсету маңыздылығы баланың анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерімен белгіленеді. Мектепке дейінгі жастағы, мектеп жасындағы балалардың, жеткіншектердің және ересектердің денсаулығының негізі осы ерте жаста қаланады. Осы кезде ағзаның барлық мифологиялық және функционалды жүйелері құрыла бастайды.

Ерте коррекциялық көмек көрсетудің негізі – сәбилер мен ерте жастағы балалардың физиологиялық және психикалық дамуын жан- жақты зерттеу болып табылады.

Ерте коррекциялық көмек көрсету тәжірибесін іске асыру нақты түзетушілік нысанын анықтаудан басталады. Көптеген мамандардың ойы бойынша мұндай жұмыстар тек дамуында белгілі бір кемістіктері бар балалармен ғана емес, сонымен қатар болашақта әлеуметтік бейімделуі қиын болу мүмкіндігі бар балалармен жүргізілуі тиіс. Осындай кешенді көмекті талап ететін балаларды анықтаудың негізгі құралы жалпы скрининг әдістемесі болып табылады.

Балалық психоневрологиялық ауытқулықтар деректеріне отбасының ауыр қаржылық, жалпы толыққанды өмір сүру жағдайларының жеткіліксіздігін жатқызамыз. Сонымен қатар ата аналар арасындағы ішімдік пен нашақорлыққа салыну да жағымсыз факторлар қатарына жатады. Мемлекеттік ерте жастан коррекциялық-педагогикалық көмек көрсету жүйесі әзірленіп (Р.А. Сүлейменова), негізгі бес деңгей бойынша жүзеге асырылуда. Бұл жүйе емханалар мен перзентханалардағы скрининг әдістемесінен басталады да, кейін арнайы білім беру ұйымдарында жалғасады. Нақты жүйе келесі деңгейлерден құрастырылған.

1 деңгей – дене және психикалық дамудағы ауытқушылықтарды скрининг әдістемесінен өткізу. Скрининг – қатер тобындағы балаларды анықтау мақсатымен жаппай стандартталған тексеру. Бұл міндетті медициналық қызметкерлер атқарады.

2 деңгей – дене және психикалық дамудағы ауытқушылықтарды терең кешенді тексеру. Бұл қызметті психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар орындайды.

3 деңгей түзетушілік көмек көрсету қызметінің оңалту орталықтары, психологиялық педагогикалық түзету кабинеттері мен арнайы балабақшалар және жалпы үлгідегі балабақшалардағы арнайы топтар атқарады.

4 деңгей ерте көмек көрсетуді ғылыми әдістемелік қамтамасыз ету жұмысын ғылыми зерттеу орталықтары мен зертханалар жүргізеді.

5 деңгей ерте көмек көрсету жүйесін мемлекеттік құқықтық қамтамаасыз ету қызметінің мемлекеттік білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғауды басқару ұйымдары атқаруға тиіс [4].

Отандық арнайы білім беру жүйесінде қазіргі уақытқа дейін мектеп жасына дейінгі кемтар балаларға арнайы көмек көрсету саласы өзектілігін жоғалтпады. Жалпы білім беру ұйымдарының мәліметтері бойынша мектеп жасына дейінгі есепке алынған мүмкіндіктері шектеулі балалардың 23% аса саны арнайы көмек алуға.

Ерекше мәселе ретінде ерте және мектеп жасына дейінгі терең бұзылыстары бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуді қарастыру, зерттеу қажеттілігі өзекті.

Дүниежүзілік статистикаға сәйкес, мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің бұзылуының саны тұрақты өсіп келеді, сондықтан оларды уақытылы анықтау және түзету мәселесінің өзектілігі болып отыр. Сондықтан да зерттеу жұмысымызда 4-5 жастағы сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларға мектепке дейінгі мекемелерді көрсетілетін көмек ұйымдастыру мәселесін қарастырдық.

Логопед ауызша сөйлеу тілінің түрлі бұзылыстары, сөйлеудің жетілмеуі, фонетико-фонематикалық жетілмеуі, тұтықпа, сөйлеудің дыбыстау жағындағы бұзылыстары бар балалармен жұмыс жасайды. Сөйлеуінде бұзылушылықтары бар балалар сөйлеу бұзылушылықтарына байланысты топтарға жіктеуге арналған тізімге тіркеледі. Қабылданған әр балаға сөйлеу картасы толтырылады. Логопедиялық пунктке білімді толық меңгеруге кедергі болатын сөйлеу бұзыл-шылықтары бар балалар қабылданады. Логопедиялық жұмысты ұйымдастырдың негізгі түрі топтық жұмыстар болып табылады. Топтарға сөйлеу бұзылыстары бірдей, бір жастағы балалар алынады. Топқа әр түрлі жастағы келесі бұзылыстары бар балаларды алуға болады:

- 1) Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы (СТЖД) – 3-5 адам;
- 2) СТЖД- мен түсіндірілетін жазу мен оқудың бұзылысы – 4-6 адам;
- 3) Фонетико-фонематикалық жетілмеу (ФФЖ) – 3-5 адам;
- 4) ФФН-мен түсіндірілетін оқу мен жазудың бұзылуы – 4-6 адам;
- 5) Тұтықпа – 3-4 адам;
- 6) Дислалиясы бар балалар – 5-6 адам.

Логопедтік жұмыс балалардың әр тобымен аптасына 2-3 рет өткізіледі. Топтық жұмыстардың ұзақтылығы балалардың жасына байланысты болады. Мектепке дейінгілер үшін:

Екінші бастауыш топта – 15-20 минут, орташа топта – 20-25 минут, жоғарғы және дайындық тобында – 25-30 минут.

Мектепке дейінгілер үшін топтық сабақтардың ұзақтылығы – 20-30 минут, ал жеке жұмыстардың – 15-20 минут. Коррекциялық оқытудың ұзақтылығы сөйлеу бұзылушылықтарының күрделілігіне байланысты. Мектепке дейінгі балалар үшін логопедиялық пункттегі жұмыс сабақтан тыс немесе «Сөйлеуді дамыту және сауаттылыққа оқытуға дайындық», «Бейнелеу өнері», «Еңбек», «Құрастыру» сабақтары кезінде жүргізіледі.

«Глен Доман» әдісі – баланы жан-жақты дамытудағы тиімді әдістердің бірі. «Доманның үлестірме қағаздары» 6 айдан асқан балаларды дамытуға арнайы жасалған. Сөйлеу тілінің, ойының, есінің, баланың елестетуі мен жылдам оқу және жылдам ойлауын дамытуға жағдайлар жасайды (сурет 1). Сонымен қатар, баланы қоршаған ортамен таныстырып, сөздік қорын арттыруға керемет мүмкіндік. Бала жиі қолданатын 150 сөз және «Алғашқы сөздер», «Күнделікті сөздер», «Жануарлар», «Сөз тіркестері» тақырыптары бар.



Сурет 1. Глен Доман үлестірме қағаздары.

Доман карточкаларымен жұмыс жасау.

Карточка мөлшері 10x50 см қызыл баспа әріптерін қолдану, алғашында ата-аналары немесе логопед балаға таныс сөздерді пайдаланады.

1 күні – баласына қатарынан бес карточканы сөздерімен көрсетіп бір уақытта дауыстап айтады. Мысалы, мама, папа және тағы басқа.

2 күні – кешегі карточкалардағы сөздерді қайталап, тағы бес карточка қосыңыз.

3, 4, 5 күні – тағы карточкалар қосып, сабақтар саны арта береді.

6 күні – есте сақталған сөздер алынып тасталады.

Доман әдістемесі жеңілден күрделіге қарай:

1 кезең – бөлек сөздер

2 кезең – сөз тіркесі

3 кезең – жай сөйлемдер.

Осындай карточкаларды беру арқылы балалардың сөздік қорын тексеруге, дүниетанымын кеңейтуге болады.

«Доман» әдісі бойынша «Менің отбасым», «Жануарлар», «Жемістер мен көкөністер» тақырыбы бойынша сабақтар өткізуге болады[5].

Қорытынды. Қорыта келгенде, ең бастысы кемтар балаларға деген қоғамның көзқарасын, пікірін өзгерту керек, олар үшін кедергісіз орта қалыптастыру қажет және мүмкіндігі шектеулі баламен бір сыныпта отырған дені сау бала әлдеқайда мейірімді, қайырымды болып өсетінін халықаралық тәжірибе көрсетіп отыр. Енді сол тәжірибенің біздің елімізде де қанат жайып, өркендеуіне педагогтар қауымы зор үлес қосуы қажет деп ойлаймын. Мүмкіндігі шектеулі балалардың сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсіп, өзін әлеуметтік ортада жеке тұлға санап, олардың тағдырын ел болып реттейтін уақыт келді. «Бала тағдыры-ел тағдыры» деп қарап, ұрпақтың өмірге келген сәтінен бастап, тәлім-тәрбиені бойларына сіңіріп, мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік өмірге даярлап, еліміздің дамуына өз үлесін қоса алатын азамат тәрбиелейтін кез келді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі :

1. А.А. Байтұрсынова «Арнайы педагогика: проблемалары мен даму болашағы» Алматы, 2008ж.
2. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы ҚР 2002ж №343 заңы
3. Зайцев Д.В. Интегрированное образование детей с ограниченными возможностями // Социологические исследования, – 2004, – № 7, – С. 127-132.
4. Жалмухамедова А.К. «Оказание ранней коррекционно-развивающей помощи детей с ограниченными возможностями» Под.ред. Сулейменовой Р.А. 2008г – С 60.
5. Даму мүмкіндіктері шектелген балаларға кіріктірілген (инклюзивті) білім беруді ұйымдастыру бойынша Әдістемелік ұсынымдар. – ҚР БҒМ Хаты № 4-02-4/450 16 .03.2009 ж.

МРНТИ 14.29.23

УДК 376.43

А.Р. Боранбаева,¹ Ә.Ш. Махамбетәлі²

¹ғылыми жетекшісі, философия докторы(PhD), доцент м.а., raibekovna00@mail.ru

²7M01901 – Арнайы педагогика мамандығының 2 курс магистранты,
aigerim1300@mail.ru

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ., Қазақстан

**ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
ҚАБІЛЕТІН ДАМУ ТҮЗЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ**

Аңдатпа

Бұл мақалада зияты жеңіл түрде зақымдалған мектепке дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерінің ерекшеліктеріне тоқталып өттік. Ғалымдардың шығармашылық қабілеттің тұлғаның дамуында, оның ішкі жан-дүниесінің еркін болуының маңызды екендігін айтып өткен жазбалары бар. Осы категориядағы балалардың қиялын дамыту барысында педагогтың қолданатын тәсілдерін, шығармашылық қабілетінің дамуына ықпал ететін факторларды қарастырдық. Еркін ой, еркін баланың өзіндік қырлары, ерекшеліктері, қызығушылықтары, өзін-өзі ортада сенімді ұстауы үшін шығармашылық қабілетті түзету жұмыстары арқылы, ойын арқылы ұштастырып жұмыс жасау жақсы нәтежиелерге итермелейді. Зияты зақымдалған балалардың шығармашылық қабілеттерін анықтауда бақылау, әңгімелесу, диагностикалық әдістермен таныстық. Диагностикалық әдістерді қорытындылай келе арнайы сызба арқылы көрсетілді. Зияты зақымдалған балалардың шығармашылық қабілетін дамыта оқыту бойынша түзету жұмыстарының ұйымдастырылуын сонымен қатар қағидаларын қарастырдық. Зияты зақымдалған балалардың шығармашылық қабілеттерінің деңгейіне қарай дамытуға терапияларға тоқталдық. Түзете-дамту мақсатында арт-терапияның түрлері оның ішінде сурет арқылы, құм терапиясы арқылы зияты зақымдалған балалардың оңтайлы нәтежиеге жеткізу үшін таптырмас түрлері екенін көрсеттік.

Тірек сөздер: Зияты зақымдалған балалар, шығармашылық, шығармашылық қабілет, диагностика, түзету, арт-терапия.